

Ресми рецензенттін жазбаша пікірі

Stoppel noornice leue,
Heer. St. de fustor a
Dampstede by

Dampstede

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Докторант Бейсенбаева Мауымжан өзінің диссертациялық жұмысы бойынша зерттеулердің барлық кезеңдеріне тікелей қатысып, танаптық және зертханалық тәжірибелерді жоғары деңгейде орындаған. Алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және қорытындылау барысында зерттеуші өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен және ғылыми ұқыптылықпен қарағаны байқалады. Зерттеу тақырыбының бағыты, мақсаты мен әдістемесі ғылыми кеңесшілермен бірлесе айқындалған. Майбұршақтың Ласточка сортын Оңтүстік Қазақстан жағдайында тиімді өсіру бойынша алынған нәтижелер М.Бейсенбаеваның ғылыми-зерттеу қабілетін, тәжірибелік дағдыларын және аналитикалық ойлау деңгейін айқын көрсетеді. Жалпы алғанда, жұмысты орындау сапасы жоғары және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Диссертациялық жұмыста зерттеудің мақсаты, міндеттері мен қолданылған әдістер арасында өзара тығыз байланыс орнатылып, ішкі бірлік принципі толық сақталған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі халық санының тұрақты өсуі мен соған байланысты 2050 жылға қарай күтілетін азық-түлік тапшылығымен айқындалады. Қазақстанда майбұршақ өндірісінің көлемі жыл сайын артып келе жатқанымен, оның өнімділігі әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Бұл жағдайға әсіресе оңтүстік өңірдің ыстық әрі құрғақ климаттық ерекшеліктері әсер етеді. Осыған байланысты аймақтың табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген майбұршақ сорттарын тиімді суару және тыңайтқыш қолдану технологиялары негізінде өсіру әдістемесін әзірлеу аграрлық ғылым мен өндіріс үшін өзекті әрі практикалық тұрғыдан маңызды міндет болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды;	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері зерттеу тақырыбының мазмұнына сәйкес жүйелі түрде құрылып, онда мақсат, міндеттер, әдістер және алынған нәтижелер өзара логикалық байланыста берілген. Зерттеу материалдары майбұршақ дақылын оңтүстік аймақтың табиғи-климаттық жағдайларында тиімді өсіру технологиясын ғылыми тұрғыдан негіздеп, тақырыптың мазмұнын жан-жақты және толық ашып көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыптың мені мен

Диссертация оқылма бекеті
 Келісетіндігіне куәландыру
 (Signature)

	диссертация тақырыбына сәйкес келеді; 1) сәйкес келеді;	мазмұнын толық ашып, оның ғылыми бағытымен өзара үйлесімді байланысқан. Зерттеу міндеттері суару мен тыңайтқыш қолданудың тиімділігін анықтау, топырақ құнарлылығы мен майбұршақ өнімділігінің өзгерісін талдау, экономикалық тиімділікті есептеу және аймақтық агротехнологиялық үлгі әзірлеу сияқты өзекті бағыттарды қамти отырып, жұмыстың тақырыбын аша алған және жұмыстың мазмұнына толық сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен негізгі ережелері өзара логикалық байланыс пен ішкі бірікті сактай отырып құрылған. Кіріспеден бастап қорытындыға дейінгі барлық материалдар жүйелі түрде бір ғылыми мақсатқа бағытталып, зерттеулердің тұжырымдамаларының мазмұнын толық ашады. Әр бөлімде зерттеу нәтижелері кезең-кезеңімен талданып, алынған деректер нақты дәлелдермен және ғылыми негіздемелермен бекітілген.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (каандаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	Жұмыста сыни талдау жүргізілген, себебі докторант суару мен минералдық коректендіру режимдерін оңтайландыруға бағытталған жаңа ғылыми тәсілдерді ұсынған. Ұсынылған шешімдер бұрыннан белгілі әдістермен салыстырылып, олардың майбұршақтың өнімділігі мен сапасына ықпалы жан-жақты ғылыми тұрғыда талданған және тиімділігі тәжірибе нәтижелерімен дәлелденген.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыстың ғылыми деректері мен мазмұны толықтай жаңашыл сипатқа ие. Оңтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген майбұршақтың Ласточка сорты үшін суару және коректендіру жүйелерін өзара үйлестіре оңтайландыру алғаш рет жүзеге асырылған. Зерттеу барысында майбұршақтың өсіп-даму ерекшеліктері мен өнім құрылымына әсер етуші факторлар жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыда негізделген жаңа тәсілдер ұсынылған. Алынған нәтижелер өндірістік жағдайда, атап айтқанда Түлкібас ауданындағы «Бес-жал» өндірістік кооперативі базасында сынақтан өткізіліп, тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденген. Жұмыстың ғылыми жаңалығы шетелдік Scopus деректер базасына енгізілген шетелдік рецензияланатын басылымдарда және ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаарда

Зерттеу нәтижесі жаңа.
Негізгі нәтижелері мен ережелері жаңа.
Диссертациялық жұмыстың ғылыми деректері мен мазмұны толықтай жаңашыл сипатқа ие.



		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;	жарияланған ғылыми мақалалармен расталады. Зерттеу нәтижелері толығымен жаңашыл сипатқа ие, себебі алғаш рет Оңтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген майбұршақтың Ласточка сорты үшін суару мен минералдық коректендіру жүйесін оңтайландырудың тиімді тәсілдері айқындалған. Алынған ғылыми деректер дақылдың өнімділігі мен сапасын арттыруға нақты мүмкіндік беріп, аграрлық ғылым мен өндіріс үшін маңызды жаңа тұжырымдар мен практикалық қорытындылар ұсынуға негіз береді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.	Жүргізілген таналтық және зертханалық зерттеулердің нәтижесінде майбұршақтың өсіп-даму қарқынына, өнімділік деңгейіне және топырақтың құнарлылық қасиеттеріне суару мен тыңайту жүйелерінің әсері жан-жақты зерттелген. Алынған қорытындылар нақты тәжірибелік мәліметтерге, өлшеу нәтижелеріне және салыстырмалы талдау деректеріне негізделіп дәлелденген. Суару мөлшері, коректік элементтер мен тыңайтқыш нормаларының өзара тәуелділігі ғылыми тұрғыда анықталып, олардың тиімділігі тәжірибе арқылы расталған. Осыған орай жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәлелді әрі негізделген болып табылады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	7.1 Зерттеу нәтижелері майбұршақ дақылын суару мен коректендіру жүйесін оңтайландыруға қатысты ғылыми тұжырымдардың дұрыстығын тәжірибелік деректер негізінде толық дәлелдейді. Алынған мәліметтер өсімдік өнімділігінің артуын, топырақ құнарлылығының жақсаруын және экономикалық тиімділіктің өсуін

Қазақстан Республикасының
Аграрлық-мәшкімдік және
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Аграрлық-мәшкімдік және
Ауыл шаруашылығы департаменті

	7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ; 7.3 Жана ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кен 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;	нақты көрсетеді. Осы нәтижелер зерттеу гипотезасының толықтай расталғанын және қорғауға ұсынылған негізгі ережелердің ғылыми тұрғыда негізделген әрі сенімді дәлелдермен бекітілгенін айқын дәлелдейді. 7.2 Зерттеу нәтижелері бұрынғы белгілі қағидаларды қайталамай, ғылыми ізденістің жаңа бағытын ұсынды. Оңтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық ерекшеліктеріне бейімделген майбұршақ дақылы үшін суару мен қоректендіру жүйесін алғаш рет кешенді түрде үйлестіріп оңтайландырудың тиімді жолдары анықталды. Осыған байланысты қорғауға ұсынылған ережелер ғылыми жаңалыққа және тәжірибелік құндылыққа ие, яғни зерттеу нәтижелері бірегей және бұрынғы еңбектерден сапалық тұрғыда ерекшеленеді. 7.3 Зерттеулердің жанашыты Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырағында майбұршақ өсіруге арналған суару және қоректендіру жүйесін алғаш рет ғылыми негізде оңтайландырумен айқындалады. Алынған нәтижелер олардың дақылдың өнімділігі мен сапалық сипаттамаларына ықпалын айқын көрсетіп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. 7.4 Қорғауға шығарылған негізгі ережелердің қолдану деңгейі жоғары, себебі алынған ғылыми нәтижелер ауыл шаруашылығында, атап айтқанда Оңтүстік Қазақстан жағдайында майбұршақ өсіру технологиясын жетілдіру мен өнімділікті арттыруда тәжірибелік тұрғыда тиімді қолдануға болады. 7.5 Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми ережелердің дәлелдемелік базасы жеткілікті, өйткені зерттеу нәтижелері ғылыми журналдарда жарияланып, тәжірибелік мәліметтер мен аналитикалық талдаулар арқылы ғылыми тұрғыда негізделген.
8.	Дәйектілік қағидалы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану

Негізгі зерттеу нәтижелеріне
Дәлелдемелер берілген.
Қорғауға қабылданды.
Қорғауға қабылданды.

	арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;	дәйекті қолданылған, бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырады.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;	Жүргізілген тәжірибелер майбұршақтың өсуі мен өнімділігіне суару мен тыңайтқыш қолдану жүйелерінің әсерін жан-жақты айқындап, теориялық қағидалардың дұрыстығын дәлелдеді. Топырақ ылғалдылығының, қоректік элементтердің қозғалысының және өнім құрылымының көрсеткіштері алынған теориялық тұжырымдармен толық сәйкес келіп, нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етті.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.	Диссертация қорытындылары нақты ғылыми әдебиеттер мен үш жылдық тәжірибелік зерттеулер нәтижелерімен дәлелденген. Суару мен тыңайтқыш жүйелерінің майбұршақтың өсіп-дамуына, топырақтың ылғал қоры мен қоректік элементтеріне, өнім мен сапасына әсері толық зерттеліп, алынған мәліметтер тәжірибе арқылы расталды. Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан дәйекті және негізделген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.	Диссертацияда пайдаланылған 158 ғылыми еңбектер мен әдеби дереккөздер зерттеу тақырыбының мәнін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Әдеби шолу бөлімінде суару мен тыңайтқыш жүйелерінің дақыл өнімділігіне әсеріне қатысты заманауи зерттеулер талданып, олардың ғылыми маңыздылығы сараланған. Таңдалған әдебиеттер зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, жұмыстың теориялық базасын күшейтеді.
9	Практикалық құндылық қағидалы	Зерттеу жұмысының теориялық құндылығы - Оңтүстік Қазақстанның көлімгі сұр топырақтарында майбұршақтың суару және минералдық
	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	

Қазақстан Республикасының
Білім және Ғылым Министрлігі
Алматы

	1) бар;	коректену жүйелерін оңтайландыруға арналған ғылыми негіздеменін жасалуында. Жұмыстың нәтижелері суару мен тыңайтқыштардың өзара әрекеттесу механизмін ашып көрсетіп, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен физиологиялық дамуына әсер ететін агроэкологиялық және биологиялық заңдылықтарды анықтауға жаңа теориялық бағыт береді.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары; 1) ия;	Зерттеу нәтижелері суару мен тыңайтқыш қолдану жүйесін оңтайландыру арқылы майбұршақтың өнімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Алынған ғылыми мәліметтер Оңтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайына бейімделген агротехнологиялық үлгілерді әзірлеудің негізін құрап, оларды өндірістік практикада тиімді пайдалануға болатынын дәлелдейді.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Жүргізілген зерттеу нәтижесінде алғаш рет Оңтүстік Қазақстанның топырақ-климаттық ерекшеліктеріне бейімделген майбұршақ дақылы үшін суару мен минералдық коректену жүйелерін кешенді түрде оңтайландырудың ғылыми негізделген тәсілдері әзірленді. Бұл нәтижелер ауыл шаруашылығы өндірісінде дақыл өнімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған жаңа агротехнологиялық шешімдер ұсынумен қатар, аймақтық деңгейде тиімді агрономиялық тәжірибелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмыс ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес орындалған: мәтін мазмұны нақтылығымен және дәйектілігімен ерекшеленеді. Терминологиялық база сауатты қолданылып, құрылымдық жүйелілік пен логикалық бірізділік сақталған. Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздерге жасаған сілтемелер ғылыми стандарттарға сай ресімделген, бұл жұмыстың академиялық сапасының жоғары деңгейін айтақтайды.
11. Диссертацияға ескертулер		Жүргізілген талдау нәтижелері диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмыстарға қойылатын негізгі талап диссертацияны ресімдеудің бекітілген МЕМСТ сәйкес екенін көрсетті. Айтарлықтай кемшіліктер немесе әдістемелік олқылықтар анықталмады, сондықтан жұмысқа қатысты ескертулер жоқ деп есептеледі.
12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы		Бейсенбаева Мауымжан Есболовнаның «Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырақтарының суару және минералдық коректену режимдерін оңтайландырудың майбұршақ өнімділігіне әсері» тақырыбындағы диссертациясы жұмыс нысанында қорғалуда. Философия докторы

Диссертация оқылды және
оңтайландырылды
Докторант Есболовна Мауымжан

Оңтүстік Қазақстан
агротехнологиялық
орталығы

